

**2014 жылғы 1 қазанға тағайындалған сайлау кезеңінде Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенаты депутаттығына кандидаттар үшін үгіттеу баспа материалдарын
орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы**

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 1507 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 қыркүйекте № 5094 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 871 "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды 2014 жылғы 1 қазанға тағайындау туралы" Жарлығына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Рудный қалалық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп 2014 жылғы 1 қазанға тағайындалған сайлау кезеңінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттығына кандидаттар үшін үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары Е.В. Скардинаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Р у д н ы й

қаласының әкімі

Б. Фаязов

Ә к і м д і к т і ñ

2 0 1 4 жылғы 1 3 тамыздағы

№ 1507 қаулысына қосымша

**2014 жылғы 1 қазанға тағайындалған сайлау
кезеңінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
депутаттығына кандидаттар үшін үгіттеу баспа
материалдарын орналастыру үшін орындар**

1 . Р у д н ы й қ а л а с ы :

50 лет Октября көшесі, "Рудный индустриялық институты" автобус аялдамасы

а у д а н ы н д а ғ ы

т ұ р ғ ы л ы қ ;

Ленин көшесі, "Рудный политехникалық колледжі" автобус аялдамасы

а у д а н ы н д а ғ ы

т ұ р ғ ы л ы қ ;

Комсомол даңғылы, "Форум" сауда үйі ауданындағы тұрғылық.

2. Қашар кенті, 2-шағын аудан, № 72 үйдегі тақта.

3. Горняцк кенті, Академик Сәтпаев көшесі, № 24 үйдегі тақта.

4. Перцев ауылы, Южная көшесі, № 6 үйдегі тақта.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК